# Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын лицензиаттар, бірыңғай оператор есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 211 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 3 желтоқсанда № 19672 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 110 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

"Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы" ҚР Президентінің 15.03.2020 № 285 Жарлығымен енгізілген төтенше жағдай қолданылу кезеңінде есептіліктің жекелеген түрлерін ұсыну мерзімдері ұзартылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және " Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.06.20203 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын лицензиаттар, бірыңғай оператор есептілігінің тізбесі;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есептің нысаны;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес меншікті активтер есебінен жасалған " кері репо" және репо операциялары туралы есептің нысаны;

4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес меншікті активтердің құрамында есепке алынатын салымдар мен ақша туралы есептің нысаны;

5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес меншікті активтер есебінен басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есептің нысаны;

6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес меншікті активтер мен клиенттердің активтері құрамында есепке алынатын берілген қарыздар мен дебиторлық берешек туралы есептің нысаны;

7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес инвестициялық қорлар жөніндегі есептің нысаны;

8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес клиенттердің активтері есебінен сатып алынған инвестициялық портфельдің құрылымы туралы есептің нысаны;

9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес инвестициялық қордың өзге мүлігінің құрылымы туралы есептің нысаны;

10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес акционерлік қоғамдар болып табылмайтын заңды тұлғалардың капиталына инвестициялық қордың және басқа да клиенттердің инвестициялары туралы есептің нысаны;

11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес зейнетақы активтерінің құны туралы есептің нысаны;

12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есептің нысаны;

13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес зейнетақы жинақтарының көлемі және ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) саны туралы есептің нысаны;

14) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес зейнетақы төлемдері туралы есептің нысаны;

15) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес клиенттердің активтерін инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есептің нысаны;

16) осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есептің нысаны;

17) осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес клиенттердің активтерін және меншікті активтерді туынды қаржы құралдарына инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есептің нысаны;

18) осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес клиенттердің активтерін және меншікті активтерді инвестициялау бойынша үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы есептің нысаны;

19) осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдастырылмаған нарығында және халықаралық (шетелдік) бағалы қағаздар

нарықтарында жасалған (тіркелген) қаржы құралдарымен мәмілелер (операциялар) туралы есептің нысаны;

20) осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясына ие ұйым туралы мәліметтердің нысаны;

21) осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес туынды қаржы құралдарымен мәмілелер туралы есептің нысаны;

22) осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес брокердің шоттарындағы ақша қалдықтары туралы есептің нысаны;

23) осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес брокердің және (немесе) дилердің қызмет көрсетуі туралы есептің нысаны;

24) осы қаулыға 24-қосымшаға сәйкес номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есептің нысаны;

25) осы қаулыға 25-қосымшаға сәйкес шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есептің нысаны;

26) осы қаулыға 26-қосымшаға сәйкес инвестициялық портфельді басқаруды және (немесе) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептің нысаны;

27) осы қаулыға 27-қосымшаға сәйкес инвестициялау лимиттерін сақтау туралы есептің нысаны;

27-1) осы қаулыға 27-1-қосымшаға сәйкес сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есептің нысаны;

27-2) осы қаулыға 27-2-қосымшаға сәйкес ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есептің нысаны;

27-3) осы қаулыға 27-3-қосымшаға сәйкес зейнетақы активтерінің номиналды кірістілігінің коэффициенттері туралы есептің нысаны;

28) осы қаулыға 28-қосымшаға сәйкес клиенттердің бұғатталған (орындалмаған) тапсырмалары туралы есептің нысаны;

29) осы қаулыға 29-қосымшаға сәйкес кастодиан клиенттерінің саны туралы есептің нысаны;

30) осы қаулыға 30-қосымшаға сәйкес ұлттық валютадағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есептің нысаны;

31) осы қаулыға 31-қосымшаға сәйкес шетел валютасындағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есептің нысаны;

32) осы қаулыға 32-қосымшаға сәйкес зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есептің нысаны;

33) осы қаулыға 33-қосымшаға сәйкес есептелген және төленген комиссиялық сыйақылар туралы есептің нысаны;

34) осы қаулыға 34-қосымшаға сәйкес бағалы қағаздарды сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есептің нысаны;

35) осы қаулыға 35-қосымшаға сәйкес мәмілелердің тараптары көрсетіле отырып, бағалы қағаздармен сауда-саттықтың нәтижелері туралы есептің нысаны ;

36) осы қаулыға 36-қосымшаға сәйкес бағалы қағаздармен репо операцияларына өтінімдер туралы есептің нысаны;

37) осы қаулыға 37-қосымшаға сәйкес оларға қатысушылар көрсетіле отырып , бағалы қағаздармен репо операциялары туралы есептің нысаны;

38) осы қаулыға 38-қосымшаға сәйкес туынды қаржы құралдарын сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есептің нысаны;

39) осы қаулыға 39-қосымшаға сәйкес мәмілелердің тараптары көрсетіле отырып, туынды қаржы құралдарымен сауда-саттықтың нәтижелері туралы есептің нысаны;

40) осы қаулыға 40-қосымшаға сәйкес шетел валюталарын сатып алуға ( сатуға) өтінімдер туралы есептің нысаны;

41) осы қаулыға 41-қосымшаға сәйкес шетел валюталарымен сауда-саттықтың нәтижелері туралы есептің нысаны;

42) алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.06.20203 № 42 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

43) алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.06.20203 № 42 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

44) осы қаулыға 44-қосымшаға сәйкес сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелері туралы есептің нысаны;

45) осы қаулыға 45-қосымшаға сәйкес сауда-саттықты ұйымдастырушы тізімінің жекелеген секторларына (санаттарына) кіретін бағалы қағаздар туралы есептің нысаны;

46) осы қаулыға 46-қосымшаға сәйкес сауда-саттықты ұйымдастырушының тізіміне кіретін бағалы қағаздарды қоспағанда, қаржы құралдары туралы есептің нысаны;

47) осы қаулыға 47-қосымшаға сәйкес мәмілелер көлемі туралы есептің нысаны;

48) осы қаулыға 48-қосымшаға сәйкес бағалы қағаздар нарығын капиталдандыру туралы есептің нысаны;

49) осы қаулыға 49-қосымшаға сәйкес клиенттердің шоттары туралы есептің нысаны;

50) осы қаулыға 50-қосымшаға сәйкес сауда-саттықты ұйымдастырушымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен есепті ай ішінде жасалған, сондай-ақ есепті күні қолданыстағы мәмілелер туралы есептің және сауда-саттықты ұйымдастырушымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар тізілімінің нысаны;

51) осы қаулыға 51-қосымшаға сәйкес меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есептің нысаны;

52) алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.06.20203 № 42 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

53) алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.06.20203 № 42 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

54) алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.06.20203 № 42 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

55) осы қаулыға 55-қосымшаға сәйкес клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъектілердің нетто-талаптары мен нетто-міндеттемелері туралы есептің нысаны;

56) осы қаулыға 56-қосымшаға сәйкес экономика секторлары бойынша (ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті активтері бойынша) сыныпталған активтер мен міндеттемелер туралы есептің нысаны;

57) осы қаулыға 57-қосымшаға сәйкес экономика секторлары бойынша (ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша) сыныпталған активтер мен міндеттемелер туралы есептің нысаны;

58) алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.06.20203 № 42 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

59) осы қаулыға 59-қосымшаға сәйкес Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын лицензиаттардың, бірыңғай оператордың есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.06.2021 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.06.20203 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен .

2. Инвестициялық портфельді басқару қызметін (бұдан әрі – инвестициялық портфельді басқарушы), бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті (бұдан әрі – брокерлер және (немесе) дилерлер) жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) осы қаулыға 2, 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын ұсынады.

Инвестициялық портфельді басқарушы осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген есептілікке қосымша Ұлттық Банкке осы қаулыға 6, 7, 8, 9, 10, 15, 16, 17, 18 және 26-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын ұсынады.

Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқарушы (бұдан әрі – ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры) Ұлттық Банкке осы қаулыға 11, 12, 13, 14 және 27-2-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын қосымша ұсынады.

Сенімгерлік басқаруға зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушы (бұдан әрі – сенімгерлік басқарушы) Ұлттық Банкке осы қаулыға 11, 12, 27, 27-1 және 27-3 -қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын қосымша ұсынады.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры Ұлттық Банкпен жасалған активтерді инвестициялық басқару шартына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқарған жағдайда, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры осы қаулыға 11, 12, 13 және 14-қосымшаларға сәйкес есептілікті бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтері және басқарудағы зейнетақы активтері бойынша жеке-жеке ұсынады.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры Ұлттық Банкке осы қаулыға 56 және 57-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей тоқсан сайын ұсынады.

Брокерлер және (немесе) дилерлер осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген есептілікке қосымша Ұлттық Банкке осы қаулыға 6, 19 және 26-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын ұсынады.

Брокерлер және (немесе) дилерлер Ұлттық Банкке осы қаулыға 20, 21, 22, 23, 24 және 25-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын қосымша ұсынады.

Бірыңғай оператор Ұлттық Банкке осы қаулыға 24 және 25-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын ұсынады.

Кастодиан Ұлттық Банкке осы қаулыға 24, 25, 28 және 29-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын ұсынады.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианы, инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан Ұлттық Банкке осы қаулыға 30, 31, 32 және 33-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын қосымша ұсынады.

Сауда-саттықты ұйымдастырушы Ұлттық Банкке осы қаулыға 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40 және 41-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта келесі жұмыс күнінің соңына дейін күн сайын ұсынады.

Сауда-саттықты ұйымдастырушы Ұлттық Банкке осы қаулыға 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50 және 51-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын ұсынады.

Клиринг ұйымы Ұлттық Банкке осы қаулыға 55-қосымшаға сәйкес есептілікті электрондық форматта келесі жұмыс күнінің соңына дейін күн сайын ұсынады.

Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясы бар ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры Ұлттық Банкке осы қаулыға 21, 22, 23, 24 және 25-қосымшаларға сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалдары және Ұлттық пошта операторы Ұлттық Банкке осы қаулыға 2, 3, 4, 5, 6 және 26-қосымшаларға сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы жоқ брокерлер және (немесе) дилерлер Ұлттық Банкке осы қаулыға 24 және 25-қосымшаларға сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметпен айналысуға лицензиясы бар инвестициялық портфельді басқарушы Ұлттық Банкке осы қаулыға 16-қосымшаның 1-кестесіне сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары Ұлттық Банкке осы қаулыға сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Инвестициялық портфельді басқарушы Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерін және сенімгерлік басқаруға берілген Қазақстан Республикасы Ұлттық

қорының активтерін осы қаулыға 7, 8, 9, 10, 15, 16, 17 және 18-қосымшаларда белгіленген нысандарды толтыру кезінде көрсетпейді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.06.2021 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Осы қаулыға 60-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілері құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 5-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Сыртқы коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Е. Әбілқасымоваға жүктелсін.

7. Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Ұлттық Банк Төрағасы* *Е. Досаев*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Статистика комитеті
2019 жылғы "___" _________

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
1-қосымша

**Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын лицензиаттар, бірыңғай оператор есептілігінің тізбесі**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.06.20203 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын лицензиаттардың, бірыңғай оператордың есептілігі мыналарды қамтиды:

1) меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп;

2) меншікті активтер есебінен жасалған "кері репо" және репо операциялары туралы есеп;

3) меншікті активтердің құрамында есепке алынатын салымдар мен ақша туралы есеп;

4) меншікті активтер есебінен басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есеп;

5) меншікті активтер мен клиенттердің активтері құрамында есепке алынатын берілген қарыздар мен дебиторлық берешек туралы есеп;

6) инвестициялық қорлар жөніндегі есеп;

7) клиенттердің активтері есебінен сатып алынған инвестициялық портфельдің құрылымы туралы есеп;

8) инвестициялық қордың өзге мүлігінің құрылымы туралы есеп;

9) акционерлік қоғамдар болып табылмайтын заңды тұлғалардың капиталына инвестициялық қордың және басқа да клиенттердің инвестициялары туралы есеп;

10) зейнетақы активтерінің құны туралы есеп;

11) зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп;

12) зейнетақы жинақтарының көлемі және ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) саны туралы есеп;

13) зейнетақы төлемдері туралы есеп;

14) клиенттердің активтерін инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп;

15) меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп;

16) клиенттердің активтерін және меншікті активтерді туынды қаржы құралдарына инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп;

17) клиенттердің активтерін және меншікті активтерді инвестициялау бойынша үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы есеп;

18) Қазақстан Республикасының ұйымдастырылмаған нарығында және халықаралық (шетелдік) бағалы қағаздар нарықтарында жасалған (тіркелген) қаржы құралдарымен мәмілелер (операциялар) туралы есеп;

19) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және ( немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясына ие ұйым туралы мәліметтер;

20) туынды қаржы құралдарымен мәмілелер туралы есеп;

21) брокердің шоттарындағы ақша қалдықтары туралы есеп;

22) брокердің және (немесе) дилердің қызмет көрсетуі туралы есеп;

23) номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есеп;

24) шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есеп;

25) инвестициялық портфельді басқаруды және (немесе) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есеп;

26) инвестициялау лимиттерін сақтау туралы есеп;

27) сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есеп;

28) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есеп;

29) зейнетақы активтерінің номиналды кірістілігінің коэффициенттері туралы есеп;

30) клиенттердің бұғатталған (орындалмаған) тапсырмалары туралы есеп;

31) кастодиан клиенттерінің саны туралы есеп;

32) ұлттық валютадағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп;

33) шетел валютасындағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп;

34) зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп;

35) есептелген және төленген комиссиялық сыйақылар туралы есеп;

36) бағалы қағаздарды сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есеп;

37) мәмілелердің тараптары көрсетіле отырып, бағалы қағаздармен сауда-саттықтың нәтижелері туралы есеп;

38) бағалы қағаздармен репо операцияларына өтінімдер туралы есеп;

39) оларға қатысушылар көрсетіле отырып, бағалы қағаздармен репо операциялары туралы есеп;

40) туынды қаржы құралдарын сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есеп;

41) мәмілелердің тараптары көрсетіле отырып, туынды қаржы құралдарымен сауда-саттықтың нәтижелері туралы есеп;

42) шетел валюталарын сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есеп;

43) шетел валюталарымен сауда-саттықтың нәтижелері туралы есеп;

44) сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелері туралы есеп;

45) сауда-саттықты ұйымдастырушы тізімінің жекелеген секторларына ( санаттарына) кіретін бағалы қағаздар туралы есеп;

46) сауда-саттықты ұйымдастырушының тізіміне кіретін бағалы қағаздарды қоспағанда, қаржы құралдары туралы есеп;

47) мәмілелер көлемі туралы есеп;

48) бағалы қағаздар нарығын капиталдандыру туралы есеп;

49) клиенттердің шоттары туралы есеп;

50) сауда-саттықты ұйымдастырушымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен есепті ай ішінде жасалған, сондай-ақ есепті күні қолданыстағы мәмілелер туралы есеп және сауда-саттықты ұйымдастырушымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар тізілімі;

51) меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп;

52) клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъектілердің нетто-талаптары мен нетто-міндеттемелері туралы есеп;

53) экономика секторлары бойынша (ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті активтері бойынша) сыныпталған активтер мен міндеттемелер туралы есеп;

54) экономика секторлары бойынша (ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша) сыныпталған активтер мен міндеттемелер туралы есеп.

Қазақстан Республикасы<br>Ұлттық Банкі Басқармасының<br>2019 жылғы 28 қарашадағы<br>№ 211 қаулысына<br>2-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

**Меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп**

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-RCB_CBSA

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы "______" ____________ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: инвестициялық портфельді басқарушылар; брокерлер және (немесе) дилерлер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

БСН: ______________________

Жинау әдісі: электронды түрде

(мың теңгемен)

| № | Эмитенттің атауы | Эмитент елі | Бағалы қағаз түрі | Сәйкестендіру нөмірі | Бағалы қағаздар саны | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | барлығы | оның ішінде ауыртпалық салынған бағалы қағаздар және репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар | |
| | | | | | | барлығы | оның ішінде репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 | Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары | | | | | | |
| 1.1. | | | | | | | |
| … | | | | | | | |
| 2 | Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | бағалы қағаздары | | | | | | |
| 2.1. | екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздары | | | | | | |
| 2.1.1. | | | | | | | |
| … | | | | | | | |
| 2.2. | екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардың бағалы қағаздары | | | | | | |
| 2.2.1. | | | | | | | |
| … | | | | | | | |
| 3 | Шет мемлекеттердің бағалы қағаздары | | | | | | |
| 3.1. | | | | | | | |
| … | | | | | | | |
| 4 | Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары | | | | | | |
| 4.1. | | | | | | | |
| … | | | | | | | |
| 5 | Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары | | | | | | |
| 5.1. | | | | | | | |
| … | | | | | | | |
| 6 | Пайлар | | | | | | |
| 6.1. | | | | | | | |
| … | | | | | | | |
| 7 | Жиыны | | | | | | |

кестенің жалғасы:

| Бағалы қағазды сатып алу валютасының коды | Бір бағалы қағазды сатып алу бағасы | Кезеңі | | Бағалы қағаздарды сатып алу құны | Номиналды құны | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | есепке қою күні | өтеу күні | | валюта коды | бір бағалы қағаздың құны |
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |

кестенің жалғасы:

| Бағалы қағаздардың баланстық құны | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| барлығы | дисконт (сыйлықақы) | есептелген сыйақы | оң (теріс) түзету | ауыртпалық салынған бағалы қағаздар және репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар, барлығы | оның ішінде репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар | Анықтама үшін: қалыптастырылған резервтер (провизиялар) |
| 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 |

кестенің жалғасы:

| Есепке алу санаты | Бағалы қағаздың рейтингі | | Портфельдегі ағымдық купондық мөлшерлеме |
|---|---|---|---|
| | есепке қою күні | есепті күні | |
| 23 | 24 | 25 | 26 |

Атауы ______________________________________

Мекенжайы ________________________________________________________
__

Телефоны _______________________________________

Электрондық пошта мекенжайы _________________________

Орындаушу ______________________________________ ________________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_______________________________________ _____________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" ______________

Ескертпе: нысан "Меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Меншікті активтер есебінен
сатып алынған бағалы қағаздар
туралы есеп" әкімшілік
деректерді өтеусіз негізде
жинауға арналған нысанына
қосымша

**"Меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп" (индексі – 1-RCB_CBSA, кезеңділігі – ай сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды инвестициялық портфельді басқарушы, брокер және (немесе) дилер есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын жасайды. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

## 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2 және 3-бағандарда бағалы қағаз эмитентінің атауы және оның резиденттік елі көрсетіледі.

6. 4-бағанда типі көрсетіле отырып, сатып алынған бағалы қағаздың түрі көрсетіледі.

7. 5-бағанда бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) немесе басқа сәйкестендіргіші, эмитенттің айналыс мерзімі аяқталған және эмитент оларды өтеу міндеттемелерін орындамаған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері жөніндегі талап ету құқықтарына қатысты - талап ету құқықтарының сәйкестендіргіші көрсетіледі.

8. 6-бағанда сатып алынған бағалы қағаздардың саны данамен көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздар шығарылым валютасында Номиналды құны бойынша көрсетіледі.

9. 7-бағанда есепті күнге ауыртпалық салынған бағалы қағаздардың және репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздардың саны көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздар шығарылым валютасында Номиналды құны бойынша көрсетіледі.

10. 8-бағанда есепті күнге репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздардың саны көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздар шығарылым валютасында Номиналды құны бойынша көрсетіледі.

11. 9 және 14-бағандарда валюта кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

12. 10-бағанда мәміленің теңгемен жүзеге асырылғанын растайтын бастапқы құжатта (брокердің және (немесе) дилердің есебі, ақпарат берудің және төлемдер жасаудың халықаралық банкаралық жүйесі СВИФТ (SWIFT) бойынша алынған растау) жазылған баға үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздардың бағасы жинақталған және төленбеген сыйақыны ескере отырып, үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен номиналды құнға қатысты пайызбен көрсетіледі. Сатып алынған бағалы қағаз (борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда) шетел валютасымен төленген жағдайда осы сома мәміле бойынша есеп айырысқан күні қалыптасқан валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі.

13. 11-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күні "кк.аа.жжжж" форматында көрсетіледі.

14. 12-бағанда борыштық бағалы қағаздарды өтеу күні "кк.аа.жжжж" форматында көрсетіледі.

15. 13-бағанда агенттерге, консультанттарға, брокерлерге (дилерлерге) төленген сыйақыны және комиссияны қосқанда, тікелей сатып алуға байланысты шығыстарды, қор биржаларының алымдарын, сондай-ақ аударым бойынша банк қызметтерін қосқанда, сатып алушының сатушыға төлеген пайызының (мұндай бар болса) шамасына азайтылған бағалы қағаздардың сатып алу құны көрсетіледі . Сатып алынған бағалы қағаз шетел валютасымен төленген жағдайда осы сома мәміле бойынша есеп айырысқан күні қалыптасқан валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі.

16. 14 және 15-бағандар борыштық бағалы қағаздар бойынша толтырылады. 15-бағанда облигацияны шығару кезінде айқындалған, купондық облигация бойынша пайыздармен көрінетін сыйақы есептелетін облигация құнының ақшалай көрінісі, сондай-ақ облигацияны ұстаушыға оны өтеу кезінде төленуге тиіс сома көрсетіледі. Сомасы шығарылым валютасымен көрсетіледі.

17. 16-бағанда бағалы қағаздардың бухгалтерлік есепте берілген құны көрсетіледі.

18. 17-бағанда дисконттың (шегеру белгісімен) немесе сыйлықақының ( абсолюттік көрінісінде) амортизацияланбаған бөлігі көрсетіледі.

19. 18-бағанда есептелген, бірақ алынбаған сыйақы көрсетіледі. Осы бағанды толтыру кезінде борыштық бағалы қағаздар бойынша купон көрсетіледі, акциялар бойынша дивидендтер көрсетіледі.

20. 19-бағанда оң немесе теріс түзету көрсетіледі.

21. 20-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген ауыртпалығы бар бағалы қағаздардың және репоға берілген бағалы қағаздардың құны көрсетіледі.

22. 21-бағанда есепті күні репоға берілген бағалы қағаздардың бухгалтерлік есепте көрсетілген құны көрсетіледі.

23. 22-бағанда қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтер (провизиялар) мөлшері көрсетіледі. Резервтер ( провизиялар) мөлшері абсолюттік шамада көрсетіледі

24. 23-бағанда бағалы қағаздың "басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есептелетін", "пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша есептелетін" немесе "амортизацияланған құны бойынша есептелетін" санаты көрсетіледі.

25. 24 және 25-бағандарды толтыру кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингілік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген облигациялар бойынша бағалы қағаздың рейтингі, акциялар бойынша эмитенттің рейтингі, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша ел рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған кезде 24 және 25-бағандарда "рейтингі жоқ" деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды.

26. 26-бағанда Нысанды ұсыну күні борыштық қаржы құралдары бойынша купондық мөлшерлеме көрсетіледі.

27. 7, 8, 20 және 21-бағандар 6 және 16-бағандарда көрсетілген бағалы қағаздарға қатысты толтырылады.

28. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қазақстан Республикасы<br>Ұлттық Банкі Басқармасының<br>2019 жылғы 28 қарашадағы<br>№ 211 қаулысына<br>3-қосымша

Нысан

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.06.20203 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

**Меншікті активтер есебінен жасалған "кері репо" және репо операциялары туралы есеп**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1- RCB_REPO_SA

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы "______" ____________ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: инвестициялық портфельді басқарушылар; брокерлер және (немесе) дилерлер

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей

Нысан

Кесте. Меншікті активтер есебінен жасалған "кері репо" және репо операциялары туралы есеп

(мың теңгемен)

| № | Эмитенттің атауы | Эмитент елі | Бағалы қағаз түрі | Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі | Бағалы қағаздар саны | Номиналдық құн валютасының коды | Кезең | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | Операция ашылған күн | Операция жабылған күн |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1 | "Кері репо" операциялары | | | | | | | |
| 1.1. | Тура тәсіл | | | | | | | |
| 1.1.1. | | | | | | | | |
| … | | | | | | | | |
| 1.2. | Автоматты тәсіл | | | | | | | |
| 1.2.1. | | | | | | | | |
| … | | | | | | | | |
| 2 | Репо операциялары | | | | | | | |
| 2.1. | Тура тәсіл | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2.1.1. | | | | | | | | |
| … | | | | | | | | |
| 2.2. | Автоматты тәсіл | | | | | | | |
| 2.2.1. | | | | | | | | |
| … | | | | | | | | |

кестенің жалғасы:

| Операция мерзімі күнмен | Сыйақы мөлшерлемесі | Баланстық құны | Анықтама үшін: қалыптастырылған резервтер (провизиялар) | Бағалы қағаздың рейтингі | | Қор биржасы тізімінің санаты | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | мәміле жасалған күні | есепті күні | мәміле жасалған күні | есепті күні |
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |

Атауы ________________________________________

Мекенжайы ________________________________________________________________

Телефоны __________________________________________

Электрондық пошта мекенжайы __________________________

Орындаушы ________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

__________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" ______________

Меншікті активтер есебінен жасалған "кері репо" және репо операциялары туралы есеп нысанына қосымша

**"Меншікті активтер есебінен жасалған "кері репо" және репо операциялары туралы есеп" (индексі: 1- RCB_REPO_SA, кезеңділігі: ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Меншікті активтер есебінен жасалған "кері репо" және репо операциялары туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан ) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы

қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды инвестициялық портфельді басқарушы, брокер және (немесе) дилер есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын жасайды. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. 4-бағанда типі көрсетіле отырып, репо және (немесе) "кері репо" операциялары бойынша берілген және (немесе) сатып алынған бағалы қағаз түрі көрсетіледі.

6. 6-бағанда репо және (немесе) "кері репо" операциялары бойынша берілген және (немесе) сатып алынған бағалы қағаздардың саны көрсетіледі.

7. 7-бағанда валюталардың кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.

8. 14 және 15-бағандарды толтыру кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингілік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген облигациялар бойынша бағалы қағаздың рейтингі, акциялар бойынша эмитенттің рейтингі, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша ел рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған кезде 14 және 15-бағандарда "рейтингі жоқ" деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды.

9. 16 және 17-бағандарда Қазақстан Республикасы қор биржасының ресми тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасының резиденттері бағалы қағаздарының санаты көрсетіледі. Қазақстан Республикасының қор биржасы тізімінің санаты болмаған кезде 16 және 17-бағандарда "листингі жоқ" деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің бағалы қағаздары мен

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды.

10. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
4-қосымша
Нысан

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.06.20203 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

**Меншікті активтердің құрамында есепке алынатын салымдар мен ақша туралы есеп**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-RCB_Vklady_SA

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы "______" ____________ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: инвестициялық портфельді басқарушылар; брокерлер және (немесе) дилерлер

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей

Нысан

Кесте. Меншікті активтердің құрамында есепке алынатын салымдар мен ақша (мың теңгемен)

| № | Банктің (ұйымнын) атауы | Банк (ұйым) рейтингі | | Салым валютасының коды | Банктік салым шартының жасалу күні және нөмірі | | Салымның мерзімі (күндермен) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Салымды орналастыру күніне | Есепті күнге | | күні | нөмірі | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1. | Екінші деңгейдегі банктердің шоттарындағы ақша | | | | | | |
| 1.1. | | | | | | | |
| … | | | | | | | |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Талап етуге дейінгі салымдар | | | | | | |
| 2.1. | | | | | | | |
| … | | | | | | | |
| 3 | Мерзімді салымдар | | | | | | |
| 3.1. | | | | | | | |
| … | | | | | | | |
| 4 | Шартты салымдар | | | | | | |
| 4.1. | | | | | | | |
| … | | | | | | | |
| 5. | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың шоттарындағы ақша | | | | | | |
| 5.1. | | | | | | | |
| … | | | | | | | |
| 6. | Бағалы қағаздар нарығында қызмет көрсететін ұйымдардың шоттарындағы ақша | | | | | | |
| 6.1. | | | | | | | |
| … | | | | | | | |
| 7. | Жолдағы ақша | | | | | | |
| 7.1. | | | | | | | |
| … | | | | | | | |
| 8 | Барлығы | | | | | | |

кестенің жалғасы:

| Салым бойынша сыйақы | Салым бойынша негізгі борыш сомасы | | Баланстық құны | | Анықтама үшін: қалыптастыр | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | оның ішінде салым | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| мөлшерлемесі (жылдық пайызбен) | теңгемен | шетел валютасымен | барлығы | бойынша есептелген сыйақы | ылған резервтер (провизиялар) | |
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |

Атауы _______________________________________

Мекенжайы ___________________________________________________________

Телефоны _________________________________________

Электрондық пошта мекенжайы __________________________

Орындаушы _______________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _______________

Меншікті активтердің
құрамында есепке алынатын
салымдар мен ақша туралы
есеп нысанына
қосымша

**"Меншікті активтердің құрамында есепке алынатын салымдар мен ақша туралы есеп" (индексі: 1- RCB_Vklady_SA, кезеңділігі: ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Меншікті активтердің құрамында есепке алынатын салымдар мен ақша туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды инвестициялық портфельді басқарушы, брокер және (немесе) дилер есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын жасайды. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. 3 және 4-бағандарды толтыру кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингілік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған кезде 3 және 4-бағандарда "рейтингі жоқ" деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің салымдары бойынша толтырылмайды.

6. 5-бағанда валюта кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.

7. 8-бағанда банктік салым шарты бойынша салымның мерзімі көрсетіледі, салымның мерзімі ұзартылған кезде ұзартуы ескерілген мерзім көрсетіледі.

8. 10 және 11-бағандарда меншікті активтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі, екінші деңгейдегі банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы салымға орналастыру сомасы көрсетіледі. Активтер шетел валютасындағы салымға орналастырылған жағдайда , ұлттық валютамен теңгедегі баламасы бір мезгілде көрсетіле отырып 11-баған толтырылады, активтер ұлттық валютада - теңгемен салымға орналастырылған жағдайда, 10-баған толтырылады.

9. Егер салымның меншік құқығына шектеулер бар болса, онда 15-бағанда "иә" сөзі көрсетіледі.

10. Кесте салымдар мен ақша сомасын көрсете отырып әрбір валюта, екінші деңгейдегі банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым және бағалы қағаздар нарығында тиісті шарт бойынша қызмет көрсететін ұйым бойынша бөлек толтырылады. Инвестициялық портфельді басқарушының, брокердің және (немесе) дилердің Астана халықаралық биржасының (Astana International Exchange) (бұдан әрі – AIX) орталық депозитарий шоттарындағы бағалы қағаздары бойынша есеп айырысуға арналған AIX меншікті ақшасы Нысанның 6-жолында көрсетіледі.

11. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
3. Нысанды сенімгерлік басқарушы ай сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1 000 ( мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

## 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Қаржы құралдарына инвестициялардың және зейнетақы активтерінің ағымдағы құны, сондай-ақ мәндер пайызбен үтірден кейін екі таңбамен көрсетіледі.

6. 1-кесте бойынша:

1) 4-баған Блумберг (Bloomberg) не РЕЙТЕР (REUTERS) ақпараттық-талдамалық жүйелерінен және (немесе) сауда-саттықты ұйымдастырушының интернет-ресурсынан алынған деректер негізінде толтырылады;

2) 6-баған 5-бағанның 4-бағанға қатынасы ретінде есептеледі.

7. 2-кесте бойынша:

1) 4-баған сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми сайтының және ( немесе) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның интернет-ресурсының деректері негізінде толтырылады;

2) 6-бағанда эмитенттің дауыс беретін, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және инвестициялық портфельді басқарушылардың сенімгерлік басқаруындағы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері есебінен сатып алынған депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акцияларының саны көрсетіледі. 6-баған бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры өзінің интернет-ресурсында жариялаған зейнетақы активтері есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелінің құрылымы туралы соңғы мәліметтер негізінде толтырылады;

3) 7-баған 5-бағанның 4-бағанға қатынасы ретінде есептеледі;

4) 8-баған 6-бағанның 4-бағанға қатынасы ретінде есептеледі.

8. 3-кесте бойынша:

1) 3-баған дауыс беретін акцияларының 50 (елу) пайыздан астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке тиесілі тұлғаларға қатысты толтырылмайды ;

2) 4-баған, егер оның дауыс беретін акцияларының 50 (елу) пайыздан астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке тиесілі болған жағдайда, үлестес тұлғаның қаржы құралдарына салынатын инвестицияларды есепке алмай толтырылады;

3) 6-баған 4-бағанның 5-бағанға қатынасы ретінде есептеледі.

9. 4-кесте бойынша:

1) 4-кестені толтыру кезінде осы зейнетақы активтерін есепке алуды және сақтауды жүзеге асыратын кастодианның банк шоттарындағы шетел валютасындағы қалдықтар да қосылады;

2) 3-бағанда бағалы қағаздар бойынша бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) немесе басқа сәйкестендіргіші көрсетіледі;

3) 7-баған 5-бағанның 6-бағанға қатынасы ретінде есептеледі.

10. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қазақстан Республикасы<br>
Ұлттық Банкі Басқармасының<br>
2019 жылғы 26 қарашадағы<br>
№ 211 қаулысына<br>
27-1-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Ескерту. Қағида 27-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.06.2021 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.06.20203 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен .

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

**Сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есеп**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1- RCB_YE

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "___" ________ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: зейнетақы активтері сенімгерлік басқаруға берілген инвестициялық портфельді басқарушы (бұдан әрі – сенімгерлік басқарушы)

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 ( бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны

(теңгемен)

| Есептеу күні | Басқа инвестициялық портфельді басқарушыдан және ( немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінен сенімгерлік басқаруға алынған зейнетақы активтерінің есептеу кезеңіндегі аударымдары | Басқа инвестициялық портфельді басқарушыға және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруға есептеу кезеңі үшіні аударымдар | "Таза" зейнетақы активтерінің есептеу күніне ағымдағы құны |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |

кестенің жалғасы:

| Есептеу күніндегі шартты бірліктер саны | Есептеу күніндегі бір шартты зейнетақы активінің құны | Есептеу кезеңіндегі зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы | Есептеу кезеңіндегі инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы | Есепті кезеңге есептелген зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кіріс |
|---|---|---|---|---|
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |

Атауы ________________________________________

Мекенжайы ___________________________________________________________

Телефоны __________________________________________

Электрондық пошта мекенжайы __________________________

Орындаушы ________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" ______________

Сенімгерлік басқарудағы
зейнетақы активтерінің
бір шартты бірлігінің
құны туралы

есеп нысанына
қосымша

**"Сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есеп" (индексі: 1-RCB_YE, кезеңділігі: ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды сенімгерлік басқарушы ай сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

## 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 5-бағанда зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің саны үтірден кейін нақты үш таңбаға дейін көрсетіледі.

6. 6-бағанда зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны үтірден кейін нақты жеті таңбаға дейін көрсетіледі.

7. 7, 8 және 9 бағандар анықтама үшін толтырылады.

8. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 26 қарашадағы
№ 211 қаулысына
27-2-қосымша

## Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ескерту. Қағида 27-2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.06.2021 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.06.20203 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен .

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

**Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есеп**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-RCB_DNPF_YE

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "___" ________ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 ( бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны

| Күні | Зейнетақы жарналары | Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан аударымдар | Зейнетақы жарналарының уақтылы аударылмағаны үшін және зейнетақы активтерінің уақтылы инвестицияланбағаны үшін алынған өсімпұл | Төлемдер мен аударымдар | Зейнетақы жарналарын және (немесе) зейнетақы жарналарының уақтылы аударылмағаны үшін алынған өсімпұлды қайтару бойынша міндеттемелер |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |

кестенің жалғасы:

| Бөлінбеген пайда ( өтелмеген шығын) | "Таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құны | Шартты бірліктер саны | Зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны | Зейнетақы активтерінің комиссиялық сыйақысы | Инвестициялық кірістен түскен комиссиялық сыйақы | Зейнетақы активтері бойынша бір күнде есептелген инвестициялық кіріс |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |

Атауы ______________________________________

Мекенжайы ________________________________________________________

Телефоны ________________________________________

Электрондық пошта мекенжайы _________________________

Орындаушы ______________________________________ ____________

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

________________________________________ _____________

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" ______________

Ерікті жинақтаушы зейнетақы
қорының зейнетақы активтерінің
бір шартты бірлігінің құны
туралы есеп нысанына
қосымша

**"Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есеп" (индексі: 1-RCB_DNPF_YE, кезеңділігі: ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры ай сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. 1-бағанда күні "жылы.күні.айы." форматында көрсетіледі.

6. 7-бағанда бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігі құнының есебіне енгізілуге тиіс аптаның бірінші жұмыс күнінің соңындағы және айдың соңғы күнтізбелік күнінің соңындағы бөлінбеген пайданың (өтелмеген шығынның) сомасы көрсетіледі.

7. 9-бағанда шартты бірліктердің саны үтірден кейін үш таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

8. 10-бағанда зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны үтірден кейін жеті таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

9. 11, 12, 13-бағандар анықтама үшін толтырылады.

10. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 26 қарашадағы
№ 211 қаулысына
27-3-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Ескерту. Қағида 27-3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.06.2021 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.06.20203 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен .

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

**Зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігінің коэффициенттері туралы есеп**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-RCB_K2

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "___" ________ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: зейнетақы активтері сенімгерлік басқаруға берілген инвестициялық портфельді басқарушы (бұдан әрі – сенімгерлік басқарушы)

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 ( бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігінің коэффициенттері

| № | Көрсеткіштің атауы | Көрсеткіштің мәні |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Есепті кезеңдегі зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны | |
| 2 | 12 (он екі) ай бұрынғы ұқсас кезеңдегі зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны | |
| 3 | К2 номиналды кірістілік коэффициенті (12 (он екі) айға) | |
| | 24 (жиырма төрт) ай бұрынғы ұқсас кезеңдегі зейнетақы | |

| | | |
|---|---|---|
| 4 | активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны | |
| 5 | К2 номиналды кірістілік коэффициенті (24 (жиырма төрт) айға) | |
| 6 | 36 (отыз алты) ай бұрынғы ұқсас кезеңдегі бір шартты бірліктің орташа құны | |
| 7 | К2 номиналды кірістілік коэффициенті (36 (отыз алты) айға ) | |

Атауы _______________________________________

Мекенжайы ________________________________________________________________

Телефоны _________________________________________

Электрондық пошта мекенжайы __________________________

Орындаушы _______________________________________ _______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_________________________________________ _____________

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" ______________

Зейнетақы активтерінің
номиналдық кірістілігінің
коэффициенттері туралы
есеп нысанына
қосымша

**"Зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігінің коэффициенттері туралы есеп" ( индексі: 1-RCB_K2, кезеңділігі: ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігінің коэффициенттері туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды сенімгерлік басқарушы ай сайын толтырады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

## 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 3, 5 және 7-жолдарда номиналдық кірістілік коэффициенті үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

6. 1, 2, 4 және 6-жолдара зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны үтірден кейін жеті таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

7. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
28-қосымша
Нысан

## Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ескерту. 28-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.06.20203 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

## Клиенттердің бұғатталған (орындалмаған) тапсырмалары туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-CUST_BLOK

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "___" ________ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: кастодиан

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын

Нысан

Кесте. Клиенттердің бұғатталған (орындалмаған) тапсырмалар

| Күні | Клиенттің атауы | Активтердің түрі | Қаржы құралының түрі | Эммитенттің атауы | Бағалы қағаздың коды | Сәйкестендіру нөмірі | Нарық |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

кестенің жалғасы:

| Мәміле жасау туралы бұғатталған (орындалмаған) тапсырма түрі | Мәміле жасау туралы бұғатталған (орындалмаған) тапсырманың көлемі | Бас тартуға негіз |
|---|---|---|
| | | |

| 9 | 10 | 11 |
| --- | --- | --- |

Атауы ________________________________________

Мекенжайы ____________________________________________________________
__

Телефоны ___________________________________________

Электрондық пошта мекенжайы ___________________________

Орындаушы ________________________________________ ____________
___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

__________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _______________

Клиенттердің бұғатталған (орындалмаған) тапсырмалары туралы есеп нысанына қосымша

**"Клиенттердің бұғатталған (орындалмаған) тапсырмалары туралы есеп" (индексі: 1-CUST_BLOK, кезеңділігі: тоқсан сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Клиенттердің бұғатталған (орындалмаған) тапсырмалары туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды кастодиан тоқсан сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. 2-бағанда кастодианның клиенттері болып табылатын инвестициялық портфельді басқарушының, брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның атауы көрсетіледі.

6. 3-бағанда кастодианның кастодиандық қызмет көрсетуіндегі ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының меншікті немесе зейнетақы активтері не инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың, брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың клиенттерінің активтері көрсетіледі.

7. 8-бағанда нарық атауы "қор биржасы", "ұйымдастырылмаған нарық", " халықаралық нарық" форматында көрсетіледі. Егер мәміле қор биржасының сауда жүйесінде жүзеге асырылған болса, оның резиденттік елі "қор биржасының /елінің атауы" форматында көрсетіледі.

8. 9-бағанда мәмілені жасау (сатып алу, сату, репоны ашу және жабу операциялары, банктік салым шартын және басқа мәмілелерді жасау) туралы бұғатталған (орындалмаған) тапсырманың түрі көрсетіледі. Репо операциялары бойынша репо операциясының түрі де көрсетіледі: репо немесе "кері репо".

9. 11-бағанда кастодианның мәміле жасау туралы тапсырманы бұғаттау ( орындамау) негіздемесі көрсетіледі.

10. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
29-қосымша
Нысан

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Ескерту. 29-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.06.20203 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

**Кастодиан клиенттерінің саны туралы есеп**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-CUST_CLIENT

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "___" ________ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: кастодиан

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын

Нысан

Кесте. Кастодиан клиенттерінің саны

| № | Клиенттің атауы | Резиденттік белгісі | Клиенттердің саны | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау бойынша уәкілетті органның лицензиясына сәйкес жүзеге асырылатын қызмет түрін көрсете отырып қаржы нарығының лицензиаттарының | Басқа заңды тұлғалардың | Басқа жеке тұлғалардың |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Жиынтығы | Х | Х | | | |

Атауы ________________________________________

Мекенжайы ____________________________________________________________

Телефоны _________________________________________

Электрондық пошта мекенжайы __________________________

Орындаушы ________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" ______________

Кастодиан клиенттерінің саны туралы есеп нысанына қосымша

**"Кастодиан клиенттерінің саны туралы есеп" (индексі: 1-CUST_CLIENT, кезеңділігі: тоқсан сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Кастодиан клиенттерінің саны туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы

қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды кастодиан тоқсан сайын толтырады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. 2-бағанда кастодианның клиенттері болып табылатын жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) және заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

6. 3-бағанда кастодиан клиентінің резиденттік белгісі (резидент немесе бейрезидент) көрсетіледі.

7. 4, 5 және 6-бағандарда тиісті баған бойынша "1" деген цифр көрсетіледі және "Жиынтығы" деген жолда жинақталады.

8. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 карашадағы
№ 211 қаулысына
30-қосымша
Нысан

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Ескерту. 30-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.06.20203 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

**Ұлттық валютадағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-CUST_PA_KZT

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "___" ________ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианы, инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтау мен есептеуді жүзеге асыратын кастодиан

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 ( бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Ұлттық валютадағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы

____________________

(шоттың нөмірі)

______________________________________________________________________

(ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының немесе инвестициялық портфельді басқарушының атауы)

(теңгемен)

| Күні | Күн басындағы қалдығы | Түсімдер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Басқа зейнетақы қорларынан аударымдар | | Ерікті зейнетақы жарналары | | Бағалы қағаздар бойынша алынған дивидендтер мен сыйақы | Бағалы қағаздарды сатудан және өтеуден түскен түсімдер |
| | | Барлығы | оның ішінде, жеке зейнетақы шоттарына бөлінгендер | Барлығы | оның ішінде, жеке зейнетақы шоттарына бөлінгендер | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

кестенің жалғасы:

| Түсімдер | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар бойынша қайтару сомасы | | Зейнетақы төлемдерінің шотынан қайтарулар | Алынған өсімпұлдар/айыппұлдар | Шетел валютасын сатудан түскен түсімдер | Қате есептелген сомалар | Басқа да түсімдер | Түсімдердің барлығы |
| Салым сомасы | Салымдар бойынша алынған сыйақы (мүдде) сомасы | | | | | | |
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |

кестенің жалғасы:

| Шығынға жазулар | | | | | | | | | Күннің соңындағы қалдық ((2)+(16)-(25)) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бағалы қағаздарды сатып алу шығыстары | Банктерге салымды орналастыру | Зейнетақы төлемдері шотына аударымдар | Комиссиялық сыйақы | | Қате есептелген сомаларды қайтару | Шетел валютасын сатып алу шығыстары | Басқа да шығыстар | Барлық шығынға жазу | |
| | | | зейнетақы активтерінен | Инвестициялық кірістен | | | | | |
| 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 |

Атауы ______________________________________

Мекенжайы ____________________________________________________________
__

Телефоны ___________________________________________

Электрондық пошта мекенжайы ___________________________

Орындаушы __________________________________________ ____________
___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

___________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _______________

Ұлттық валютадағы
инвестициялық
шот бойынша зейнетақы
активтерінің қозғалысы
туралы есеп нысанына
қосымша

**"Ұлттық валютадағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп" (индексі: 1-CUST_PA_KZT, кезеңділігі: ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Ұлттық валютадағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын ( бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианы және инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан ай сайын жасайды және есепті кезеңнің әрбір жекелеген жұмыс күні үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. 1-бағанда күні "жылы.күні. айы." форматында көрсетіледі.

6. Көрсетілуге жатпайтын сомалар түсіндірмелер енгізіле отырып 15 және 24-бағандарға енгізіледі.

7. 3 және 4-бағандарда бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан, сондай-ақ ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан аударымдардың сомасы көрсетіледі.

8. 15-бағанды толтыру кезінде есептің нысанына алынған басқа да түсім көздерінің тізбесі қоса беріледі.

9. 16-бағанда есепті кезеңнің әрбір жеке жұмыс күніндегі түсімдердің жиынтық сомалары көрсетіледі.

10. 20 және 21-бағандарда ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына төленген комиссиялық сыйақы сомалары көрсетіледі.

11. 24-бағанды толтыру кезінде есептің нысанына зейнетақы активтерінің құнына қосылған басқа да шығыстар туралы мәліметтер қоса беріледі.

12. 25-бағанда есепті кезеңнің әрбір жеке жұмыс күніндегі шығыстардың жиынтық сомасы көрсетіледі.

13. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
31-қосымша
Нысан

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Ескерту. 31-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.06.20203 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

**Шетел валютасындағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-CUST_PA_FC

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "___" ________ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианы, инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтау мен есептеуді жүзеге асыратын кастодиан

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 ( бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Шетел валютасындағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы

____________________

(шоттың нөмірі)

___________________________________

(шетел валютасының атауы)

_____________________________________________________________________________

(ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының немесе инвестициялық портфельді басқарушының атауы)

(теңгемен)

| күні | Түсімдер | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Күн басындағы қалдығы | | Бағалы қағаздарды сатудан және өтеуден түскен түсімдер | | Бағалы қағаздар бойынша алынған дивидендтер және сыйақы (мүдде) | | Банктердегі салымдар бойынша қайтару сомасы | | | |
| | | | | | | | Салымдар сомасы | | Банктердегі салымдар бойынша алынған сыйақы (мүдде) сомасы | |
| | шетел валютасымен | теңгемен | шетел валютасымен | теңгемен | шетел валютасымен | теңгемен | шетел валютасымен | теңгемен | шетел валютасымен | теңгемен |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| | | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы:

| Түсімдер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Сатып алынған шетел валютасы | | Басқа да түсімдер | | Түсімдердің барлығы | |
| шетел валютасымен | теңгемен, шетел валютасын сатып алу бағамы бойынша | шетел валютасымен | теңгемен | шетел валютасымен | теңгемен |
| 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |

кестенің жалғасы:

| Шығынға жазулар | | | | | | | | | | Күннің соңындағы қалдық | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| бағалы қағаздарды сатып алу шығыстары | | банктердегі салымға орналастыру | | сатылған шетел валютасы | | басқа да шығыстар | | барлық шығынға жазулар | | | |
| | | | | | теңгемен, шетел | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| шетел валюта сымен | теңгеме н | шетел валюта сымен | теңгеме н | шетел валюта сымен | валюта сын сату бағамы бойынша | шетел валюта сымен | теңгеме н | шетел валюта сымен | теңгеме н | шетел валюта сымен | теңгеме н |
| 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 |

Атауы ______________________________________

Мекенжайы ________________________________________________________

Телефоны _______________________________________

Электрондық пошта мекенжайы _________________________

Орындаушы ______________________________________ _____________

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_______________________________________ _____________

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" ______________

Шетел валютасындағы
инвестициялық шот бойынша
зейнетақы активтерінің
қозғалысы туралы
есеп нысанына
қосымша

**"Шетел валютасындағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп" (индексі: 1- CUST_PA_FC, кезеңділігі: ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Шетел валютасындағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын ( бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианы және инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан ай сайын

жасайды және есепті кезеңнің әрбір жекелеген жұмыс күні үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

## 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан шетел валютасындағы инвестициялық шот бойынша ақша бар болған және қозғалысы кезінде есепті кезеңдегі барлық позициялар бойынша жиынтық соманды көрсете отырып, өткен айдың әрбір жекелеген жұмыс күні үшін толтырылып, ұсынылады.

6. 1-баған "жылы.күні.айы" форматында көрсетіледі.

7. Көрсетілмейтін сома түсіндірмелер енгізіле отырып, 14, 15, 24 және 25-бағандарға қосылады.

8. Бірнеше шетел валюталары бар болған және қозғалысы кезінде Нысан әрбір шетел валютасы бойынша жеке ұсынылады.

9. 14 және 15-бағандарды толтыру кезінде алынған басқа да түсім көздерінің тізбесі қоса беріледі.

10. 16 және 17-бағандар бойынша есепті кезеңнің әрбір жеке жұмыс күніндегі түсімдердің жиынтық сомасы толтырылады.

11. 24 және 25-бағандарды толтыру кезінде зейнетақы активтерінің құнына қосылған басқа да шығыстар туралы мәліметтер тізбесі қоса беріледі.

12. 26 және 27-бағандар бойынша есепті кезеңнің әрбір жеке жұмыс күніндегі шығыстардың жиынтық сомасы толтырылады.

13. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 карашадағы
№ 211 қаулысына
32-қосымша

## Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ескерту. 32-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

## Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-CUST_SPPA

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "_____" _____________ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианы, инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

БСН: ______________________

Жинау әдісі: электронды түрде

1-кесте. Зейнетақы активтері есебінен сатып алынған бағалы қағаздар

________________________________________________________________________

(ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының немесе инвестициялық портфельді басқарушының атауы)

| № | Эмитенттің атауы | Экономикалық қызмет түрі | Эмитенттің елі | Бағалы қағаздың түрі | Сәйкестендіру нөмірі | Бағалы қағаздар саны (дана) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1. | Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары | | | | | |
| 1.1. | | x | | | | |
| … | | x | | | | |
| 2. | Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары | | | | | |
| 2.1. | Екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздары | | | | | |
| 2.1.1. | | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| … | | | | | | |
| 2.2. | Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардың бағалы қағаздары | | | | | |
| 2.2.1. | | | | | | |
| … | | | | | | |
| 3. | Шетелдік мемлекеттердің бағалы қағаздары | | | | | |
| 3.1. | | x | | | | |
| … | | x | | | | |
| 4. | Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары | | | | | |
| 4.1. | | x | | | | |
| … | | x | | | | |
| 5. | Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары | | | | | |
| 5.1. | | x | | | | |
| … | | x | | | | |
| 6. | Инвестициялық қорлардың пайлары | | | | | |
| 6.1. | | | | | | |
| … | | | | | | |
| | Жиыны: | | | | | |

кестенің жалғасы:

| Номиналды құны | | Төлем валютасының коды | Бір бағалы қағазды сатып алу бағасы | | Кезең | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| валюта коды | бір бағалы қағаздың құны | | теңгемен | номиналды құнның валютасымен | есепке қою күні | өтеу күні |
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |

кестенің жалғасы:

| Бағалы қағазды сатып алу құны | Бағалы қағаздардың ағымдағы құны | | | Бағалы қағаздар санаты | Портфельдегі ағымдағы купондық мөлшерлеме ( жылдық пайызбен) |
|---|---|---|---|---|---|
| | барлығы ( теңгемен) | номиналды құнның валютасымен | оның ішінде есептелген сыйақы, теңгемен | | |
| 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 |

2-кесте. "Кері репо" операциялары бойынша сатып алынған бағалы қағаздар

_______________________________________________________________________________

(ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының немесе инвестициялық портфельді басқарушының атауы)

| № | Эмитенттің атауы | Эмитенттің елі | Бағалы қағаздың түрі | Сәйкестендіру нөмірі | Бағалы қағаздар саны ( дана) | Номиналды құн валютасының коды | Мәміле валютасының коды | Бір бағалы қағаз үшін ашу бағасы | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | теңгемен | номиналды құнның валютасымен |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | Жиыны: | | | | | | | | |

кестенің жалғасы:

| Бір бағалы қағаз үшін жабу бағасы | | Кезең | | Бағалы қағаздардың ағымдағы құны ( теңгемен) | Операция бойынша кірістілік мөлшерлемесі ( жылдық пайызбен) |
|---|---|---|---|---|---|
| теңгемен | номиналды құнның валютасымен | Операцияны ашу күні | Операцияны жабу күні | | |
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |

3-кесте. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі және екінші деңгейдегі банктердегі салымдар

_______________________________________________________________________________

(ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының немесе инвестициялық портфельді басқарушының атауы)

| № | Банктің атауы | Салым валютасының коды | Банктік салым шартын жасау күні және нөмірі | | Салым мерзімі ( күнмен) | Сыйақы төлеу кезеңі | | Сыйақы мөлшерлемесі ( жылдық пайызбен) | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | күні | нөмірі | | кезеңділігі | күні | номиналды | тиімді |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | Жиыны | | | | | | | | |

кестенің жалғасы:

| | |
|---|---|
| | |

| Салым бойынша негізгі борыш сомасы ( теңгемен) | | Ағымдағы құны (теңгемен) | | |
|---|---|---|---|---|
| барлығы | шетел валютасымен | барлығы | оның ішінде есептелген сыйақы | |
| | | | теңгемен | шетел валютасымен |
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |

4-кесте. Аффинирленген бағалы металдар

________________________________________________________________________________

(ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының немесе инвестициялық портфельді басқарушының атауы)

(теңгемен)

| № | Аффинирленген бағалы металдың атауы | Трой унциялар ының саны | Төлем валютасының коды | Бір трой унциясына сатып алу бағасы | | Жиынтық сатып алу құны | | Ағымдағы құны | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | теңгемен | валютамен | теңгемен | валютамен | теңгемен | валютамен |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | | | | | | |
| | Жиыны: | | | | | | | | |

5-кесте. Шартты талаптар (міндеттемелер)

________________________________________________________________________________

(ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының немесе инвестициялық портфельді басқарушының атауы)

(теңгемен)

| № | Туынды қаржы құралы түрінің атауы | Базалық актив | Валюта коды | Сәйкестендіру нөмірі | Туынды құралмен операцияны жүзеге асыру күніне қойылатын талаптардың ( міндеттемелердің) сомасы | Есепті күнге ағымдағы құны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1. | Туынды қаржы құралдары бойынша шартты талаптар | | | | | |
| 1.1 | | | | | | |
| 1.1.1 | | | | | | |
| … | | | | | | |
| | Туынды қаржы | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2. | құралдары бойынша шартты міндеттемелер | | | | | |
| 2.1 | | | | | | |
| 2.1.1 | | | | | | |
| … | | | | | | |

Атауы ________________________________________

Мекенжайы ___________________________________________________________

Телефоны __________________________________________

Электрондық пошта мекенжайы __________________________

Орындаушы ________________________________________ _________________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" ______________

Ескертпе: нысан "Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымша

**"Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп" ( индексі – 1-CUST_SPPA, кезеңділігі – ай сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианы және инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан ай сайын жасайды және есепті кезеңнің әрбір жекелеген жұмыс күні үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. 1-кесте бойынша:

1) Нысанда бағалы қағаздар және эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары бойынша деректер көрсетіледі;

2) 2-бағанда бағалы қағаз эмитентінің атауы көрсетіледі;

3) 3-бағанда экономикалық қызмет түрі "Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші" ҚР ҰЖ 03 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетілді. Бұл баған Қазақстан Республикасы резидент эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары бойынша толтырылады;

4) 5-бағанда типі көрсетіле отырып, бағалы қағаз түрі көрсетіледі;

5) 6-бағанда бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) немесе басқа сәйкестендіргіші, эмитенттің айналыс мерзімі аяқталған және эмитент оларды өтеу міндеттемелерін орындамаған міндеттемелері жөніндегі талап ету құқықтарына қатысты - талап ету құқықтарының сәйкестендіргіші көрсетіледі;

6) 7-бағанда сатып алынған бағалы қағаздардың саны көрсетіледі;

7) 8 және 10-бағандарда валюта кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі;

8) 9-бағанда купондық облигация бойынша пайызбен көрсетілген сыйақы есептелетін облигациялар бойынша оны шығару кезінде айқындалатын облигация құнының ақшалай көрсеткіші, сондай-ақ оны өтеу кезінде облигацияны ұстаушыға төленуі тиіс сома көрсетіледі. Сома шығарылым валютасында көрсетіледі;

9) 11 және 12-бағандарда мәміленің жасалғандығы расталатын бастапқы құжатта (биржалық куәлік, брокердің (дилердің) есебі, ақпарат берудің және төлемдер жасаудың халықаралық банкаралық жүйесі СВИФТ (SWIFT) бойынша алынған растау) жазылған баға көрсетіледі. Сатып алынған бағалы қағазға шетел валютасымен төлем жасалған жағдайда баламасы ұлттық валюта – теңгемен 12-бағанда бір мезгілде көрсетіле отырып, 11-баған толтырылады, сатып алынған

бағалы қағазға ұлттық валюта – теңгемен төлеген жағдайда 11-баған толтырылады;

10) 13-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күні "кк.аа.жжжж" форматында көрсетіледі;

11) 14-бағанда "кк.аа.жжжж" форматында борыштық бағалы қағаздарды өтеу мерзімі көрсетіледі;

12) 15-бағанда бағалы қағазды сатып алу құны, сатып алуға тікелей байланысты шығыстарды қоса алғанда, агенттерге, консультанттарға, брокерлерге және (немесе) дилерлерге төленген сыйақыны және комиссияны, қор биржаларының алымдарын, сондай-ақ сатып алушының сатушыға төлеген, мөлшері азайтылған пайызын (мұндай болған кезде) аудару бойынша банк қызметі қоса көрсетіледі;

13) 16-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген бағалы қағаздардың құны көрсетіледі;

14) 19-бағанда "әділ құны бойынша бағаланатын", "амортизацияланған құны бойынша бағаланатын" бағалы қағаздардың санаты көрсетіледі;

15) 20-бағанда Нысан берілетін күнгі борыштық қаржы құралдары бойынша купондық мөлшерлеме көрсетіледі.

6. 2-кесте бойынша:

1) 4-бағанда типі көрсетіле отырып, бағалы қағаз түрі көрсетіледі;

2) 6-бағанда сатып алынған бағалы қағаздардың саны көрсетіледі;

3) 7 және 8-бағандарда валюта кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі;

4) 9 және 10-бағандарда "кері репо" операциясының жүзеге асырылуын растайтын бастапқы құжатта көрсетілген баға үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. Сатып алынған бағалы қағазға шетел валютасымен төлем жасалған жағдайда баламасы ұлттық валюта – теңгемен 9 және 11-бағандарда бір мезгілде көрсетіле отырып, 10 және 12-бағандар толтырылады, сатып алынған бағалы қағазға ұлттық валюта – теңгемен төлеген жағдайда 9 және 11-бағандар толтырылады;

5) 15-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген ағымдағы құн көрсетіледі.

7. 3-кесте бойынша:

1) 3-бағанда валюта кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі;

2) 6-бағанда банктік салым шарты бойынша салым мерзімі көрсетіледі, салым ұзартылғанда, мерзім ұзартуды ескере отырып көрсетіледі;

3) 7 және 8-бағандарда жинақталған сыйақыны төлеу мерзімділігі мен күні банктік салым шартының талаптарына сәйкес көрсетіледі;

4) 11 және 12-бағандарда зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және екінші деңгейдегі банктерде салымға орналастыру сомасы көрсетіледі. Зейнетақы активтерін ұлттық валютада салымға орналастырған жағдайда 11-баған толтырылады;

5) 3-кесте салымдар сомасын көрсете отырып, әр банк бойынша және салымның әрбір валютасы бойынша жеке толтырылады.

8. 4-кесте бойынша:

1) 4-бағанда валюта кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі;

2) 5 және 7-бағандарда баға және сатып алу құны мәміле жасалған күні қалыптасқан нарықтық валюта айырбастау бағамы бойынша көрсетіледі, 10-бағанда сома есепті күні қалыптасқан нарықтық валюта айырбастау бағамы бойынша көрсетіледі. Ұлттық валютада аффинирленген бағалы металдар сатып алынған жағдайда 5, 7 және 9-бағандар толтырылады;

3) 9-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген ағымдағы құн көрсетіледі.

9. 5-кесте бойынша:

1) 3-бағанда туынды қаржы құралының базалық активі (бағалы қағаздардың және оның эмитентінің атауы, валюта, пайыздық мөлшерлеме, тауар және басқа да базалық активтер) көрсетіледі;

2) 4-бағанда мәміле валютасы көрсетіледі. Валюта коды "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі;

3) 5-баған туынды қаржы құралының базалық активі бағалы қағаз болған кезде толтырылады;

4) 6-бағанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7118 болып тіркелген "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен, нысаналы активтермен және нысаналы жинақтармен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 қаулысының талаптарына сәйкес туынды құралдармен операциялар жүргізген кезде қалыптасатын шартты талаптар мен міндеттемелер сомасы көрсетіледі;

5) 7-бағанда туынды қаржы құралының нарықтық құны (ауыстыру құны) көрсетіледі, ол мынадай болады:

сатып алу мәмілелері бойынша – туынды қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнының осы туынды қаржы құралының номиналды келісімшарт

құнынан асып түсу шамасы (шартты талаптар), туынды қаржы құралының номиналды келісімшарт құнының осы туынды қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнынан асып түсу шамасы (шартты міндеттемелер);

сату мәмілелері бойынша – туынды қаржы құралының номиналды келісімшарт құнының осы туынды қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнынан асып түсу шамасы (шартты талаптар), туынды қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнының осы туынды қаржы құралының номиналды келісімшарт құнынан асып түсу шамасы (шартты міндеттемелер).

10. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
33-қосымша
Нысан

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Ескерту. 33-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.06.20203 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

**Есептелген және төленген комиссиялық сыйақылар туралы есеп**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-CUST_REWARD

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы _______________

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианы, инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 ( бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Есептелген және төленген комиссиялық сыйақылар

______________________________________________________________________

(ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының немесе инвестициялық портфельді басқарушының атауы)

(теңгемен)

| Күні | Есептелгені | | Төленгені | |
|---|---|---|---|---|
| | зейнетақы активтерінен | инвестициялық кірістен | зейнетақы активтерінен | инвестициялық кірістен |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |
| Жиынтығы: | | | | |

Атауы ______________________________________

Мекенжайы ________________________________________________________
__

Телефоны _______________________________________

Электрондық пошта мекенжайы _________________________

Орындаушы ______________________________________ ___________
___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_______________________________________ _____________

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" ______________

Есептелген және төленген комиссиялық сыйақылар туралы есеп нысанына қосымша

**"Есептелген және төленген комиссиялық сыйақылар туралы есеп" (индексі: 1-CUST_REWARD, кезеңділігі: ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Есептелген және төленген комиссиялық сыйақылар туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианы және инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан ай сайын жасайды және есепті кезеңнің әрбір жекелеген жұмыс күні үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

## 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-бағанда есепті айдың жеке жұмыс күні "жылы.күні.айы" форматында көрсетіледі.

6. 2 және 3-бағандарда есептелген комиссиялық сыйақы сомасы көрсетіледі.

7. 4 және 5-бағандарда төленген комиссиялық сыйақы сомасы көрсетіледі.

8. "Жиынтығы" деген жолда есепті айдағы барлық позициялар бойынша жиынтық сома көрсетіледі.

9. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
34-қосымша

## Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ескерту. 34-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

## Бағалы қағаздарды сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-KASE_PSS

Кезеңділігі: күн сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "_____" ________________ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: сауда-саттықты ұйымдастырушы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: келесі жұмыс күнінің соңына дейін, күн сайын

БСН: _________________________

Жинау әдісі: электронды түрде

| Өтінім нөмірі | Өтінім беру күні мен уақыты | | Өтінім түрі | Өтінім бағыты | Нарық түрі |
|---|---|---|---|---|---|
| | күні | уақыты | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |

кестенің жалғасы:

| Бағалы қағаздың коды | Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі | Баға белгілеу валютасының коды | Бағасы | Таза бағасы | Борыштық бағалы қағаздар бойынша кірістілік |
|---|---|---|---|---|---|
| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |

кестенің жалғасы:

| Саны | Көлемі | Сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды | Депо шоты | Дербес сәйкестендіру нөмірі | Өтінім белгісі |
|---|---|---|---|---|---|
| 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 |

кестенің жалғасы:

| Клиент коды | Өтінім мәртебесі | Өтінімді алып тастау күні мен уақыты | | Нарықтық баға | Орташа өлшемді баға | Сауда-саттық режимі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | күні | уақыты | | | |
| 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 |

Атауы ________________________________________

Мекенжайы __________________________________________________________

Телефоны __________________________________________

Электрондық пошта мекенжайы ___________________________

Орындаушы ________________________________________ _________________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

__________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _______________

Ескертпе: нысан "Бағалы қағаздарды сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Бағалы қағаздарды сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымша

**"Бағалы қағаздарды сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есеп" (индексі – 1-KASE_PSS, кезеңділігі – күн сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Бағалы қағаздарды сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын ( бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды күн сайын сауда-саттықты ұйымдастырушы жасайды және әрбір есепті күн үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. 1-бағанда өтінімнің реттік нөмірі көрсетіледі.

6. 2 және 21-бағандарда өтінімді беру күні мен алып тастау күні "кк.аа.жжжж " форматында көрсетіледі.

7. 3 және 22-бағандарда өтінімді беру уақыты мен алып тастау уақыты "сағат: минут: секунд" форматында көрсетіледі.

8. 4-бағанда өтінімнің типі көрсетіледі: "limit" – лимиттелген өтінім, "market" – нарықтық өтінім, "nego" – тікелей өтінім.

9. 5-бағанда өтінімнің бағыты ретінде сатып алу немесе сату көрсетіледі.

10. 6-бағанда нарықтың түрі көрсетіледі: "Tbills" – мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы, "Equities" – акциялар нарығы, "Debts" – облигациялар нарығы.

11. 7-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарында көзделген бағалы қағаздарға баға белгілеу тәртібіне сәйкес айқындаған бағалы қағаздың коды көрсетіледі.

12. 9-бағанда бағалы қағаздың баға белгілеу валютасының коды "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

13. 10 және 14-бағандарда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындаған баға белгілеу дәлдігімен бір бағалы қағаздың бағасы және өтінімнің көлемі теңгемен көрсетіледі. Өтінімнің көлемі ретінде 10 ( "Бағасы") және 13 ("Саны") бағандардың көбейтіндісі танылады. 10-бағанда сауда-саттыққа қатысушы бағалы қағазды сатып алуға (сатуға) дайын баға көрсетіледі.

14. 11 және 12-бағандарда сауда-саттыққа қатысушы борыштық бағалы қағазды сатып алуға (сатуға) дайын болған, сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындаған баға белгілеу дәлдігімен таза бағасы

мен кірістілік пайызбен көрсетіледі. 11 және 12-бағандар борыштық бағалы қағаздар бойынша толтырылады.

15. 13-бағанда өтінімдегі бағалы қағаздардың саны данамен көрсетіледі.

16. 15-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарында көзделген сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелеріне код беру тәртібіне сәйкес айқындаған сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды көрсетіледі.

17. 16-бағанда бағалы қағаздарды ұстаушының орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған жеке шоты (қосалқы шоты) көрсетіледі.

18. 17-бағанда мәмілелерді жасауға өтінім берген қор биржасы трейдерінің дербес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

19. 18-бағанда өтінімнің белгісі ретінде мынадай цифр көрсетіледі: егер өтінімді маркет-мейкер бермеген болса – "0", егер өтінімді сауда-саттыққа қатысушы бағалы қағаздардың баға белгілеулерін ұстап тұру жөніндегі маркет-мейкердің функцияларын орындау мақсатында берген болса – "1".

20. 19-бағанда клиенттің орталық депозитарий берген бірегей коды көрсетіледі.

21. 20-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында көзделген өтінімнің мәртебесі көрсетіледі.

22. 23-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарында көзделген бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес айқындаған мәміле жасалған күнгі бағалы қағаздың нарықтық бағасы көрсетіледі. Облигациялар үшін нарықтық баға номиналды құнға қатысты пайызбен көрсетіледі. 23-бағандағы деректер үтірден кейін төрт таңбамен көрсетіледі.

23. 24-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындаған акцияның орташа өлшемді нарықтық бағасы немесе мәміле жасау күніне өтелетін облигацияның орташа өлшемді нарықтық кірістілігі көрсетіледі.

24. 25-бағанда сауда жүйесінде көзделген сауда-саттық режимі көрсетіледі.

25. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
35-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Ескерту. 35-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

**Мәміле тараптарын көрсете отырып, бағалы қағаздармен сауда-саттық нәтижелері туралы есеп**

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-KASE_ST

Кезеңділігі: күн сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "_____" _______________ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: сауда-саттықты ұйымдастырушы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: келесі жұмыс күнінің соңына дейін, күн сайын

БСН: _______________________

Жинау әдісі: электронды түрде

| Мәміле нөмірі | Мәміле жасау күні мен уақыты | | Нарық типі | Сауда-саттық әдісі | Нарық түрі |
|---|---|---|---|---|---|
| | күні | уақыты | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

кестенің жалғасы:

| Бағалы қағаздың коды | Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі | Баға белгілеу валютасының коды | Бағасы | Таза бағасы | Борыштық бағалы қағаздар бойынша кірістілігі | Борыштық бағалы қағаздарды өтеу күні | Саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |

кестенің жалғасы:

| Көлемі | Сатушы ретінде сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшесінің коды | Депо сату шоты | Сатушы клиентінің коды | Сатуға арналған өтінім нөмірі | Сатып алушы ретінде сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшесінің коды | Депо сатып алу шоты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 |

кестенің жалғасы:

| Сатып алушы клиентінің коды | Сатып алуға арналған өтінім нөмірі | Мәміле мәртебесі | Есептесу күні | Нарықтық бағасы | Орташа өлшемді бағасы | Сауда-саттық режимі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 |

Атауы ______________________________________

Мекенжайы ______________________________________________________________

Телефоны ______________________________________
Электрондық пошта мекенжайы ________________________
Орындаушы _____________________________________ _______________
тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны
Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

______________________________________ ____________
тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы
Күні 20__ жылғы "____" _____________

Ескертпе: нысан "Мәміле тараптарын көрсете отырып, бағалы қағаздармен сауда-саттық нәтижелері туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Мәміле тараптарын көрсете
отырып, бағалы қағаздармен
сауда-саттық нәтижелері туралы
есеп" әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға арналған
нысанына қосымша

**"Мәміле тараптарын көрсете отырып, бағалы қағаздармен сауда-саттық нәтижелері туралы есеп" (индексі – 1-KASE_ST, кезеңділігі – күн сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Мәміле тараптарын көрсете отырып, бағалы қағаздармен сауда-саттық нәтижелері туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды күн сайын сауда-саттықты ұйымдастырушы жасайды және әрбір есепті күн үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

## 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-бағанда мәміленің реттік нөмірі көрсетіледі.

6. 2-бағанда мәміленің жасалу күні "кк.аа.жжжж" форматында көрсетіледі.

7. 3-бағанда мәміленің жасалу уақыты "сағат:минут:секунд" форматында көрсетіледі.

8. 4-бағанда нарықтың типі ретінде мынадай цифр көрсетіледі: егер бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі бағалы қағаздардың қайталама нарығында жасалған болса – "0", егер бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі бағалы қағаздардың бастапқы нарығында жасалған болса – "1".

9. 5-бағанда сауда-саттық әдісі ретінде мынадай цифр көрсетіледі: егер бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі үздіксіз қарсы аукцион әдісімен жасалған болса – "0", егер бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі тікелей ( атаулы) мәмілелер жасау әдісімен жасалған болса – "1", егер бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі фиксинг әдісімен жасалған болса – "2", егер бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі франкфурттық сауда-саттық әдісімен жасалған болса – "3", егер бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі мамандандырылған сауда-саттық әдісімен жасалған болса – "4", егер бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі ағылшын сауда-саттық әдісімен жасалған болса – "5", егер бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі голландтық сауда-саттық әдісімен жасалған болса – "6", егер бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі жазылу әдісімен жасалған болса – "7", егер бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі дискреттік сауда-саттық әдісімен жасалған болса – "8", сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында көзделген өзге әдістер – "9".

10. 6-бағанда сауда жүйесінде көзделген нарық түрі көрсетіледі.

11. 7-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарында көзделген бағалы қағаздарға баға белгілеу тәртібіне сәйкес айқындаған бағалы қағаздың коды көрсетіледі.

12. 9-бағанда бағалы қағаздың баға белгілеу валютасының коды "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

13. 10 және 15-бағандарда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындаған баға белгілеу дәлдігімен бір бағалы қағаздың бағасы және мәміле көлемі теңгемен көрсетіледі. Мәміленің көлемі ретінде 10 (" Бағасы") және 14 ("Саны") бағандарының көбейтіндісі танылады. 10-бағанда сауда-саттыққа қатысушының бағалы қағазбен мәміле жасаған баға көрсетіледі.

14. 11 және 12-бағандарда сауда-саттыққа қатысушы борыштық бағалы қағазбен мәміле жасаған, сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындаған баға белгілеу дәлдігімен таза бағасы мен кірістілігі пайызбен көрсетіледі. 11 және 12-бағандар борыштық бағалы қағаздар бойынша толтырылады.

15. 14-бағанда бағалы қағаздардың саны данамен көрсетіледі.

16. 16 және 20-бағандарда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарында көзделген сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелеріне код беру тәртібіне сәйкес айқындаған сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды көрсетіледі.

17. 17 және 21-бағандарда депо шоты (қосалқы шоты) ретінде орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шоты (қосалқы шоты) түсініледі.

18. 18 және 22-бағандарда орталық депозитарий берген клиенттердің бірегей кодтары көрсетіледі.

19. 24-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында көзделген мәміленің мәртебесі көрсетіледі.

20. 26-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында көзделген бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес анықтаған мәміле жасалған күнгі бағалы қағаздың нарықтық бағасы көрсетіледі. Облигациялар үшін нарықтық баға номиналды құнға қатысты пайызбен көрсетіледі. 26-бағандағы деректер үтірден кейін төрт таңбамен көрсетіледі.

21. 27-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында көзделген акциялардың орташа өлшемді нарықтық бағасы немесе сауда-саттықты ұйымдастырушы акциялардың орташа өлшемді нарықтық бағасын және өтелетін облигациялардың орташа өлшемді нарықтық кірісін есептеу тәртібіне сәйкес айқындаған мәміле жасалған күнгі өтелетін облигацияның орташа өлшемді нарықтық кірістілігі көрсетіледі.

22. 28-бағанда сауда жүйесінде көзделген сауда-саттық режимі көрсетіледі.

23. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
36-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Ескерту. 36-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

**Бағалы қағаздармен репо операцияларына өтінімдер туралы есеп**

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-KASE_ABR

Кезеңділігі: күн сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "_____" _______________ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: сауда-саттықты ұйымдастырушы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: келесі жұмыс күнінің соңына дейін, күн сайын

БСН: _______________________

Жинау әдісі: электронды түрде

| Өтінім нөмірі | Өтінімді беру күні мен уақыты | | Өтінімнің бағыты | Репо түрі | Репо құралының коды | Бағалы қағаздың коды | Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | күні | уақыты | | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

кестенің жалғасы:

| Баға белгілеу валютасының коды | Баға | Кірістілік | Бағалы қағаздардың саны | Көлемі | Сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды | Депо шоты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |

кестенің жалғасы:

| Клиенттің коды | Дербес сәйкестендіру нөмірі | Өтінім мәртебесі | Өтінімді алып тастау күні мен уақыты | | Репо мерзімі | Дисконт мөлшері | Сауда-саттық режимі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | күні | уақыты | | | |
| 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 |

Атауы ________________________________________

Мекенжайы ___________________________________________________________

Телефоны _________________________________________

Электрондық пошта мекенжайы __________________________

Орындаушы ________________________________________ ________________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" ______________

Ескертпе: нысан "Бағалы қағаздармен репо операцияларына өтінімдер туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Бағалы қағаздармен репо

операцияларына өтінімдер
туралы есеп" әкімшілік
деректерді өтеусіз негізде
жинауға арналған нысанына
қосымша

**"Бағалы қағаздармен репо операцияларына өтінімдер туралы есеп" (индексі – 1-KASE_ABR, кезеңділігі – күн сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Бағалы қағаздармен репо операцияларына өтінімдер туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын ( бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды күн сайын сауда-саттықты ұйымдастырушы жасайды және әрбір есепті күн үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. 1-бағанда өтінімнің реттік нөмірі көрсетіледі.

6. 2 және 19-бағандарда өтінімді беру күні мен алып тастау күні "кк.аа.жжжж" форматында көрсетіледі.

7. 3 және 20-бағандарда өтінімді беру уақыты мен алып тастау уақыты "сағат:минут:секунд" форматында көрсетіледі.

8. 4-бағанда өтінімнің бағыты ретінде сатып алу немесе сату көрсетіледі. Өтінімнің бағыты бағалы қағаздарға қатысты көрсетіледі.

9. 5-бағанда мәміленің әдісі көрсетіледі: "тікелей репо" немесе "автоматты репо".

10. 6-бағанда репо операциясы құралының коды ретінде сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарында көзделген репо операциясының құралдарына код беру тәртібіне сәйкес айқындаған код көрсетіледі.

11. 7-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарында көзделген бағалы қағаздарға баға белгілеу тәртібіне сәйкес айқындаған бағалы қағаздың коды көрсетіледі.

12. 9-бағанда бағалы қағаздың баға белгілеу валютасының коды "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

13. 10 және 13-бағандарда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындаған баға белгілеу дәлдігімен бір бағалы қағаздың бағасы және өтінімнің көлемі теңгемен көрсетіледі. Өтінімнің көлемі ретінде 10 ( "Бағасы") және 12 ("Саны") бағандардың көбейтіндісі танылады. Автоматты репо операциялары бойынша сатып алуға өтінім беру кезінде өтінімнің көлемі ретінде ақша көлемі танылады. 10-бағанда сауда-саттыққа қатысушы репо операциясын жасауға дайын баға көрсетіледі.

14. 11-бағанда сауда-саттыққа қатысушы репо операциясын жүргізуге дайын болатын, сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындаған баға белгілеу дәлдігімен кірістілік пайызбен көрсетіледі.

15. 12-бағанда "тікелей (автоматты) репо" операциясының бағалы қағаздарын сатушы қойған бағалы қағаздардың саны (данамен) көрсетіледі.

16. 14-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарында көзделген сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелеріне код беру тәртібіне сәйкес айқындаған сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды көрсетіледі.

17. 15-бағанда орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шоты (қосалқы шоты) көрсетіледі.

18. 16-бағанда орталық депозитарий берген клиенттің бірегей коды көрсетіледі.

19. 17-бағанда бағалы қағаздармен репо операциясын жасауға өтінім берген қор биржасы трейдерінің дербес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

20. 18-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында көзделген өтінімнің мәртебесі көрсетіледі.

21. 21-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындаған репо операциясының мерзімі көрсетіледі.

22. 22-бағанда репо операциясының мәні болып табылатын құралдың бағасына қолданылған дисконттау мөлшерлемесі көрсетіледі.

23. 23-бағанда сауда жүйесінде көзделген сауда-саттық режимі көрсетіледі.

24. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қазақстан Республикасы<br>Ұлттық Банкі Басқармасының<br>2019 жылғы 28 қарашадағы<br>№ 211 қаулысына<br>37-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Ескерту. 37-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

**Қатысушыларды көрсете отырып, бағалы қағаздармен репо операциялары туралы есеп**

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-KASE_ABRvP

Кезеңділігі: күн сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "_____" _______________ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: сауда-саттықты ұйымдастырушы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: келесі жұмыс күнінің соңына дейін, күн сайын

БСН: ________________________

Жинау әдісі: электронды түрде

| Мәміленің нөмірі | Мәмілені жасау күні мен уақыты | | Репо түрі | Операция түрі | Құрал коды | Бағалы қағаз коды | Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі | Бағасы | Кірістілік |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | күні | уақыты | | | | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы:

| Саны | Көлемі | Сатушы болып отырған сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды | Депо сату шоты | Сатушы клиентінің коды | Сатушы өтінімінің нөмірі | Сатып алушы болып отырған сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |

кестенің жалғасы:

| Депо сатып алу шоты | Сатып алушы клиентінің коды | Сатып алушы өтінімінің нөмірі | Мәміле мәртебесі | Репо мерзімі | Жабу күні | Дисконт мөлшері | Ашу мәмілесінің нөмірі | Сауда-саттық режимі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 |

Атауы ________________________________________

Мекенжайы ___________________________________________________________
Телефоны ___________________________________________
Электрондық пошта мекенжайы ___________________________
Орындаушы ________________________________________ _________________
тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны
Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам
________________________________________ _____________
тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы
Күні 20__ жылғы "____" ______________

Ескертпе: нысан "Қатысушыларды көрсете отырып, бағалы қағаздармен репо операциялары туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Қатысушыларды көрсете отырып, бағалы қағаздармен репо операциялары туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымша

**"Қатысушыларды көрсете отырып, бағалы қағаздармен репо операциялары туралы есеп" (индексі – 1-KASE_ABRvP, кезеңділігі – күн сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Қатысушыларды көрсете отырып, бағалы қағаздармен репо операциялары туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Сауда-саттықты ұйымдастырушы Нысанды күн сайын жасайды және әрбір есепті күн үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. 1-бағанда мәміленің реттік нөмірі көрсетіледі.

6. 2-бағанда мәміле жасалған күн "кк.аа.жжжж" форматында көрсетіледі.

7. 3-бағанда мәмілені жасау уақыты "сағат:минут:секунд" форматында көрсетіледі.

8. 4-бағанда мәміленің әдісі көрсетіледі: "тікелей репо" немесе "автоматты репо".

9. 5-бағанда репо операциясының типі ретінде ашылуы немесе жабылуы көрсетіледі.

10. 9 және 12-бағандарда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындаған баға белгілеу дәлдігімен бір бағалы қағаздың бағасы және мәміленің көлемі теңгемен көрсетіледі. Мәміленің көлемі ретінде 9 ( "Бағасы") және 11 ("Саны") бағандардың көбейтіндісі танылады.

11. 10-бағанда сауда-саттыққа қатысушы репо операциясын жасаған, сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындаған баға белгілеу дәлдігімен кірістілік пайызбен көрсетіледі.

12. 11-бағанда репо операциясының сатушысы қоятын бағалы қағаздардың саны (данамен) көрсетіледі.

13. 13 және 17-бағандарда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарында көзделген сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелерін код беру тәртібіне сәйкес айқындаған сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды көрсетіледі.

14. 14 және 18-бағандарда депоның шоты (қосалқы шоты) ретінде орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған бағалы қағаздарды ұстаушының дербес шоты (қосалқы шоты) түсініледі.

15. 15 және 19-бағандарда орталық депозитарий берген клиенттердің бірегей кодтары көрсетіледі.

16. 16 және 20-бағандарда бағалы қағаздарды сатушы және сәйкесінше сатып алушы репо операцияларын жасауға берген өтінімдердің реттік нөмірлері көрсетіледі.

17. 21-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында көзделген мәміленің мәртебесі көрсетіледі.

18. 22-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындаған репо операциясының мерзімі көрсетіледі.

19. 23-бағанда репо операциясын жабу күні "кк.аа.жжжж" форматында көрсетіледі. Бұл баған репоны ашу операциясы үшін ғана толтырылады.

20. 24-бағанда репо операциясының мәні болып табылатын қаржы құралының бағасына қолданылатын дисконттау мөлшерлемесі көрсетіледі.

21. 25-бағанда тиісті репо ашу мәмілесінің реттік нөмірі көрсетіледі. Бұл баған репоны жабу операциясы үшін ғана толтырылады.

22. 26-бағанда сауда жүйесінде көзделген сауда-саттық режимі көрсетіледі.
23. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 26 қарашадағы
№ 211 қаулысына
38-қосымша

## Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ескерту. 38-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.06.20203 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

## Туынды қаржы құралдарын сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-KASE_ABD

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "_____" _______________ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: сауда-саттықты ұйымдастырушы

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: келесі жұмыс күнінің соңына дейін, күн сайын

Нысан

Кесте. Туынды қаржы құралдарын сатып алуға (сатуға) өтінімдер

| Өтінімнің нөмірі | Өтінімді беру күні мен уақыты | | Типі | Өтінімнің бағыты | Құралдың коды | Бір келісімшарттың бағасы | Валютаның атауы | Келісімшарттар саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | күні | уақыты | | | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |

кестенің жалғасы:

| Бір келісімшарттағы базалық активтердің саны | Көлемі | Сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды | Сауда шотының коды | Есеп айырысу коды |
|---|---|---|---|---|
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |

кестенің жалғасы:

| Дербес сәйкестендіру нөмірі | Өтінім белгісі | Өтінімді алып тастау күні және уақыты | | Өтінімнің мәртебесі |
|---|---|---|---|---|
| | | күні | уақыты | |
| 15 | 16 | 17 | 18 | 19 |

Атауы ___________________________________________

Мекенжайы ______________________________________________________________

Телефоны ____________________________________________

Электрондық пошта мекенжайы ___________________________

Орындаушы __________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

____________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" ______________

Туынды қаржы құралдарын
сатып алуға (сатуға)
өтінімдер туралы
есеп нысанына
қосымша

**"Туынды қаржы құралдарын сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есеп" (индексі – 1 -KASE_ABD, кезеңділігі: күн сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Туынды қаржы құралдарын сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды күн сайын сауда-саттықты ұйымдастырушы жасайды және әрбір есепті күн үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. 1-бағанда өтінімнің реттік нөмірі көрсетіледі.

6. 2 және 17-бағандарда өтінімді беру күні мен алып тастау күні " жылы.күні.айы" форматында көрсетіледі.

7. 3 және 18-бағандарда өтінімді беру уақыты мен алып тастау уақыты "сағат: минут:секунд" форматында көрсетіледі.

8. 4-бағанда өтінімнің типі көрсетіледі: "limit" - лимиттелген өтінім, "nego" - тікелей өтінім.

9. 5-бағанда өтінімнің бағыты ретінде сатып алу немесе сату көрсетіледі.

10. 7 және 11-бағандарда бір келісімшарттың бағасы және өтінім көлемі теңгемен көрсетіледі. 11-бағанда өтінімнің көлемі 7 ("Бір келісімшарттың бағасы ") және 9 ("Келісімшарттардың саны") бағандардың көбейтіндісіне тең болады. 7-бағанда бір келісімшарттың бағасы ретінде сауда-саттыққа қатысушы туынды қаржы құралдарымен мәміле жасауға дайын болатын баға көрсетіледі.

11. 8-бағанда өтінім валютасының атауы көрсетіледі.

12. 9 және 10-бағандарда өтінім келісімшарттарының саны мен бір келісімшарттағы базалық активтердің саны данамен көрсетіледі.

13. 14-бағанда сауда-саттыққа қатысушыны ақшалай қаражатпен қамтамасыз ету жөніндегі ақпаратты және (немесе) тарабы сауда-саттыққа қатысушы болатын мәміле бойынша міндеттемелерді есепке алуға арналған клиринг тіркелімі көрсетіледі.

14. 15-бағанда туынды қаржы құралдарымен мәміле жасасуға өтінім берген қор биржасы трейдерінің дербес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

15. 16-бағанда өтінімнің белгісі ретінде мынадай цифр көрсетіледі: егер өтінімді маркет-мейкер бермеген болса - "0", егер өтінімді сауда-саттыққа қатысушы туынды бағалы қағаздар бойынша баға белгілеуді қолдау жөніндегі маркет-мейкердің функцияларын орындау мақсатында берген болса - "1".

16. 19-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында көзделген өтінімнің мәртебесі көрсетіледі.

17. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 26 қарашадағы
№ 211 қаулысына
39-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Ескерту. 39-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.06.20203 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

**Мәміле тараптарын көрсете отырып, туынды қаржы құралдарымен сауда-саттық нәтижелері туралы есеп**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-KASE_DT

Кезеңділігі: күн сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "_____" ______________ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: сауда-саттықты ұйымдастырушы

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: келесі жұмыс күнінің соңына дейін, күн сайын

Нысан

Кесте. Мәміле тараптарын көрсете отырып, туынды қаржы құралдарымен сауда-саттық нәтижелері

| Мәміленің нөмірі | Мәмілені жасау күні мен уақыты | | Құралдың коды | Сауда-саттық әдісі | Бір келісімшарттың бағасы | Валютаның атауы | Келісімшарттардың саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | күні | уақыты | | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |

кестенің жалғасы:

| Бір келісімшарттағы базалық активтердің саны | Көлемі | Сатушы болып отырған сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды | Сату шотының коды | Сатудың есеп айырысу коды | Сатуға арналған өтінімнің нөмірі |
|---|---|---|---|---|---|
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |

кестенің жалғасы:

| Сатып алушы болып табылатын сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды | Сатып алудың сауда шотының коды | Сатып алудың есеп айырысу коды | Сатып алуға арналған өтінімнің нөмірі | Орындау күні |
|---|---|---|---|---|
| 15 | 16 | 17 | 18 | 19 |

Атауы ________________________________________

Мекенжайы ____________________________________________________________

Телефоны __________________________________________

Электрондық пошта мекенжайы ___________________________

Орындаушы ________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

__________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" ______________

Мәміле тараптарын көрсете отырып, туынды қаржы құралдарымен сауда-саттық нәтижелері туралы есеп нысанына қосымша

**"Мәміле тараптарын көрсете отырып, туынды қаржы құралдарымен сауда-саттық нәтижелері туралы есеп" (индексі – 1-KASE_DT, кезеңділігі: күн сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Мәміле тараптарын көрсете отырып, туынды қаржы құралдарымен сауда-саттық нәтижелері туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

